

№1 педагогикалық кеңес.

МККК «Бүлдіршін» бөбекжай балабақшасының 2022-2023 оқу жылындағы №1 педагогикалық кеңестің хаттамасы.

Өткізілу мерзімі: 29.08.2022ж

Қатысқандар саны: 15.

Тақырыбы: 2022-2023 жаңа жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттары.

Күн тәртібінде :

1. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы.
2. ҚР мектепке дейінгі ұйымдары мен мектеп алды топтарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулық хатымен таныстыру.
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын қарастыру.
4. 2022-2023 оқу жылының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспарымен таныстыру, бекіту.
5. Топтардың реттілігі.

Тыңдалды:

1. Бірінші қаралатын мәселе жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы бойынша балабақша меңгерушісі П. Жүніс талдау жұмыстарын жүргізді. Қортындылай айтқанда жаз кезінде балалардың ағзасын сауықтыруға, эмоционалық, жеке тұлғалық, танымдық тұрғыда дамытуға септігін тигізетін жағдайлар жасалды.

Сауықтыру жұмыстарын жүйелі өткізіліп:

- әрбір бүлдіршіннің қабілетін ашуға қажетті жағдай жасауға;
- бала өмірін қызықты және мазмұнды етуге;
- құрдастармен және ересектермен қарым –қатынас жұмыс жасауға үйреттік;
- дене және психикалық денсаулығын нығайттық;
- қажетті іс - әрекетті белсене және өз бетінше орындауға;
- қоршаған ортамен білімін іс-тәжірибеде өздігінен іске асыра және спорттың әртүрлі түрлерімен айналыса білуге мүмкіндік болды.

2. Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі П. Жүніс ҚР мектепке дейінгі ұйымдары мен мектеп алды топтарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулық хатымен педагог мамандарды таныстырды. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды даярлық сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңдары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі негізінде әзірленген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу. Әдістемелік нұсқау хатта 2022-2023 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтиды: - әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру; - балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру; - тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру; - Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен

азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу; - баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады: - ойын арқылы оқыту; - түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту. Әдістемелік нұсқау хат қосымшасы перспективалық жоспар, циклограмма үлгісін, баланың жеке даму картасының үлгісін қамтитынын айтты.

3. Үшінші мәселе мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын қарастыру бойынша балабақша әдіскері Н. Тожиева: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 6-тармағына және 14-бабының 1-тармағына, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) (бұдан әрі - Стандарт) талаптарына сәйкес әзірленді.

Бағдарламаның мақсаты: әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу болып табылады.

Бағдарламаның міндеттері: мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттықкеңістіктік ортаны, оның ішінде арнайы ортаны құру, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, 4 мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді беру болып табылады.

4. Төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі П. Жүніс 2022-2023 оқу жылының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспарымен таныстырып бекітті. 2022-2023 оқу жылында МКҚК «Бүлдіршін» бөбекжай -балабақшасында «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары); «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылған.

Балабақшаның 2022-2023 оқу жылына бекітілген жұмыс оқу жоспарында «Балдырған» ортаңғы тобында ұйымдастырылған іс-әрекеттің аптадағы өткізу жиілігі «Дене шынықтыру», «Музыка», «Сөйлеуді дамыту», «Көркем әдебиет», «Қазақ тілі», «Математика негіздері», «Қоршаған ортамен таныстыру», «Сурет салу», «Мүсіндеу», «Жапсыру», «Құрастыру» күн сайын жоспарлап көрсеткен.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің аптадағы нормативтік жүктемесі «Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті (ҰІӨ) аптасына 3 рет, «Қазақ тілі» ҰІӨ аптасына 1 сағат, «Музыка» ҰІӨ аптасына 1 сағат, барлығы 5 сағат.

«Балауса» ересек топтарында ұйымдастырылған іс-әрекеттің аптадағы өткізу жиілігі «Дене шынықтыру», «Музыка», «Сөйлеуді дамыту», «Көркем әдебиет», «Қазақ тілі», «Математика негіздері», «Қоршаған ортамен таныстыру», «Сурет салу», «Мүсіндеу», «Жапсыру», «Құрастыру» күн сайын жоспарлап көрсеткен.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің аптадағы нормативтік жүктемесі «Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті (ҰІӨ) аптасына 3 рет, «Қазақ тілі» ҰІӨ аптасына 1 сағат, «Музыка» ҰІӨ аптасына 2 сағат, барлығы 6 сағат.

5.Бесінші мәселе топтардың реттілігі төмендегіше жасақталды.

р/с	Топтың атауы	Жас ерекшелігі	Топ	Тәрбиешілер
1	«Балақай»	1-2 жастағы	Ерте жас	Жусипбекова Бибатма Нұрымбетова Оразкүл
2	«Балақай 2»	2-3 жастағы	Кіші топ	Жамашова Жадыра Жамбылова Шолпан
3	«Балапан»	3-4 жастағы	Ортаңғы топ	Жусипова Мадина Құрманбаева Ұлжан
4	«Балдырған»	3-4 жастағы	Ортаңғы топ	Сейдаханова Гулназ Пардабаева Мадина
5	«Балауса»	4-5 жастағы	Ересек топ	Қоршабаева Айнұр Абу Нұрсұлу
6	«Балдәурен»	5-6 жастағы	мектепалды	Ералиева Пернеш Қамбарова Гулнара

Жиналыс қаулы етеді:

1. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы жақсы бағалансын.
2. ҚР мектепке дейінгі ұйымдары мен мектеп алды топтарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулық хатын басшылыққа ала отырып жұмыстар жүргізілсін.
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сай жұмыстар жүргізілсін.
4. 2022-2023 оқу жылының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспарымен таныстырылып, бекітілсін.
5. Топтардың жасақталған реттілігі бойынша әрбір қызметкер өз жұмыстарына жауапкершілікпен қарасын.

«Бүлдіршін» б/б меңгерушісі:
Хатшы:



П. Жүніс
Н. Абу

№2 педагогикалық кеңес.

МКҚК «Бүлдіршін» бөбекжай балабақшасында 2022-2023 оқу жылындағы №2 педагогикалық кеңестің хаттамасы.

Өткізілу мерзімі: 22.11.2022ж

Қатысқандар саны: 15

Тақырыбы: Балабақша өмірінен бір күн. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарын орындау.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың» мазмұнына сәйкес тәрбие мен білім беру жұмыстарын ұйымдастыру.
2. Мектепке дейінгі мекемеде тәрбиеленушілерге сапалы білім беру жұмыстарындағы педагогтардың кәсіби құзыреттілігінің теориялық және практикалық деңгейі.
3. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың» талабына сай заттық- дамытушылық ортаны ұйымдастыру.

Тыңдалды:

1.«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың» мазмұнына сәйкес тәрбие мен білім беру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша балабақша педагогтарының пікірлері тыңдалды.

Мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылып жатқандығын, тәрбиелеу-білім беру процесінде: әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылғандығын, балалардың құқықтарын, өмірін қорғау, денсаулығын нығайту қамтамасыз етіліп жатқандығын, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту, тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдайлар жасалып жатқандықтарын айтты.

2. Мектепке дейінгі мекемеде тәрбиеленушілерге сапалы білім беру жұмыстарындағы педагогтардың кәсіби құзыреттілігінің теориялық және практикалық деңгейі. Балабақша тәрбиешісі Сейдаханова Гулназ «Білім беру ісіндегі басты тұлға — педагог.» тақырыбында баяндама оқыды. Педагогтың мәртебесін арттыру, оның абыройын көтеру – көп қырлы үдеріс. Бұл білім беруді дамытудың жаңа бағдарламасынан орын алған. Бүгінгі заман талабына сай педагог рухани дамыған, педагогикалық технологияның қыр-сырын жетік меңгерген шығармашыл тұлға болуы тиіс. Ұстаздың педагогикалық шеберлігі мен кәсібилігінің айырылмас құрам бөлігі ретінде оның кәсіби құзыреттілігі саналады. Құзыреттілік ұғымы адамның қайсыбір қызметті атқаруға дайындығының құймасын сипаттайды. Кәсіби құзыреттілік – жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетті атқаруға теориялық және практикалық әзірлігі мен қабілеттілігінің бірлігі. Ал педагог маманның кәсіби құзыреттілігіне оқытушының оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруда өз мамандығына байланысты барлық теория мен практиканы меңгеруі, жеке тұлғаны қалыптастыруда, яғни білім алушылармен жұмыс істеуге бағытталған қабілеттерінің бірлігі. Осыдан кәсіби құзыреттілік ұғымына педагогқа тән болуы тиіс барлық қасиеттер мен қабілеттер кіретіндігін аңғару қиын емес. Яғни, оқытушының білім-білік, дағдылары, өз мамандығына қатысты білімдер жүйесі, жұмыс істеу шеберлігі, мәдениеті, психологиялық қасиеттері, қарым-қатынас стилі, педагогикалық такт, әдеп т.б. жатқызамыз.

3. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың» талабына сай заттық- дамытушылық ортаны ұйымдастыру бойынша топ тәрбиешілері мамандардың жұмыстары қаралды. Балалардың дамуындағы маңызды факторлардың бірі – олардың қабілеттерін қалыптастыруға қолайлы жағдайлар жасау болып табылады. Баланы

жан-жақты дамытудың тиімді жолдарының бірі, бала қабілетін арттыратын қолайлы заттық кеңістік дамытушы ортасын ұйымдастыру, құру болып табылады. Заттық-кеңістік дамытушы орта дегеніміз не, оны қалай құрамыз? – деген сұрақтар туындайды. Заттық-кеңістік дамытушы ортаны құруда міндетті түрде әр жастағы балалардың жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін, қызығушылығын ескеруіміз қажет, Заттық-кеңістіктік дамытушы орта – балаға заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар ортаның болуы. Дамытушы ортада бала ересектердің өзіне деген мейірімді қарым-қатынасын, дербестігін ынталандыруын, жеке басын құрметтеуін, балаға қиын сәттерде қолдау көрсетілетінін сезіне білу керек. Дамытушы ортада балаға өз қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік ала алуы тиіс. Дамытушы ортада баланың мектепте оқуға қажетті дағдыларды жетілдіріліп, әртүрлі әлеуметтік ортадан шыққан балалардың сапалы мектепке дейінгі білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз етілуі тиіс.

Жиналыс қаулы етеді:

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттын» мазмұнына сәйкес тәрбие мен білім беру жұмыстарын ұйымдастырылсын.
2. Мектепке дейінгі мекемеде тәрбиеленушілерге сапалы білім беру жұмыстарындағы педагогтардың кәсіби құзыреттілігінің теориялық және практикалық деңгей жұмысы жалғастырылсын.
3. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттын» талабына сай заттық- дамытушылық ортаны ұйымдастыру топ тәрбиешілеріне жүктелсін.

«Бүлдіршін» б/б меңгерушісі:
Хатшы



И. Жүніс
Н. Абу

№3 педагогикалық кеңес.

МККК «Бүлдіршін» бөбекжай балабақшасында 2022-2023 оқу жылындағы №3 педагогикалық кеңестің хаттамасы.

Өткізілу мерзімі: 11.01.2023ж

Қатысқандар сан 15.

Тақырыбы: «Педагогтардың өзін-өзі бағалауы және оның тәрбие мен білім беру жүйесіне тигізетін әсері»

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. «Заманауи мектепке дейінгі мекеменің педагогы» баяндама.
2. «Педагогтың жеке қасиеті» баяндама.
3. Тәрбие беру жұмыстарының ерекшеліктері.
4. «Педагогикалық жағдаяттар» тренинг.

Тыңдалды:

1. Бірінші пед кеңесте қаралатын мәселелермен балабақша меңгерушісі П. Жүніс таныстырып өтіп, «Заманауи мектепке дейінгі мекеменің педагогы» тақырыбындағы әдіскер Н. Тожиеваның баяндамасы тыңдалды. Бәріміз білетіндей, ХХІ ғасыр – ақпараттық технологияның және ғылымның дамыған заманы. Заман кез келген адамнан әмбебеп болуды талап етеді. Оның ішінде педагогтар заман ағымымен бірге өзгеруі керек. Педагог заман ағымына ілесуі керек: өз жұмысында инновацияларды, әр түрлі әдістерді қолданып, материалды еркін меңгеруі керек. Негативті балабақшаға кірерде табалдырықта қалдырып, балаларға мейірімділік пен жылулық сыйлауы тиіс.

Қазіргі педагог қандай? Ол – шығармашылық қабілеттерді дамытуға жағдай жасай алатын, балаларды білімді қабылдауға деген құштарлығын дамыта алатын, өз бетінше ойлауға үйрететін, материалды оқу барысында өз бетінше сұрақтар құрастыра алатын, өз білімін толығырақ іске асыра алатын адам. Сонымен өз білімін жетілдіре арттырып, олардың жеке бейімділігі мен талантын көтермелейтін тұлға. Қазіргі педагог үнемі шығармашылық ізденіс үстінде жүреді, олар «балабақшада балаға не үйрету керек?» деген өзекті проблемалық сұраққа жауап іздеуде. Қазіргі заманауи педагог кәсібіне және балаларға деген сүйіспеншілікті біріктіреді, олар балаларды білім нәрімен сусындатып қана қоймай, сонымен бірге олармен неше түрлі ойындар ойнап өз балаларына үйрете алатынын маман иелері. Қазіргі заманғы педагог әр баланың жан дүниесіндегі ең жақсы қасиеттерді анықтап, балаларды алған білімін ұнатуға ынталандыруы керек, сонда ғана оқушылар мектепті бітіргеннен кейін өздерінің қоғамдағы орнын анық түсініп, оның пайдасына жұмыс істей алады. Сондай-ақ алға ұмтылу да өте маңызды, өйткені педагогтың жұмысы – шексіз шығармашылықтың көзі.

2. «Педагогтың жеке қасиеті» тақырыбында тәрбиеші Б. Жусипбекованың баяндамасы тыңдалды. Қазіргі заманғы педагогтың алдында сыртқы әсерді жеңуге қабілетті, және өзінің жеке стилінің арқасында әлемдік педагогикалық ғылым мен практиканы жеткізу үшін оның нақты тәуелсіз және жауапты тұлға екенін көрсететін ғылыми болжамдарды жену міндеті тұр. Балабақша балаларын тәрбиелеу мен білім берудің жүйесін тиімді түрде іске асыру тәрбиешінің жеке тұлғасына тікелей қатысты болады. Ол ең басы болап табылатын мынандай жекелік қасиеттерге көңіл аудару керек.

Біріншіден, балаларды олар қандай болса солдай жақсы көру. Тіл алмайтын, тіл алғыш, түсінігі мол, түсінігі аз, жалқау және жақсы балалардың барлығын бірдей жақсы көру керек. Балаларды жақсы көру мен оларға деген қайырымдылық көзқарас оларға қатты сөз айтудан сақтандырады, олардың өздерін бағалауын төмендетпейді және жеке баланың жетістігіне ғана қуанудан сақтайды.

Екіншіден, балаларды түсіне білу және олардың жағына шыға білу, олардың жұмысын мәселесін дұрыс қабылдап, түсіне білу. Олардың көзқарастарын сыйлай білу. Балаларды түсіну – оларды өз билігімізге көндіру емес, олардың бүгінгі күнгі өміріне сүйене отырып олардың ертеңгі өміріне дән себу. Баланың уайымын түсіну, оның сезімін және талпынысын сезіну, бала өзін тәрбиелеу барысында педагогпен жақтас болса тәрбие де маңызды болады.

Үшіншіден, оптимист болу керек, тәрбие берудің күшіне сену керек. Бұл жерде оқытушы қолын алдына салып баланың өзінің түсінігі оянғанша тосып оыратын филантропикалық оптимизм туралы айтып отырған жоқпыз, оның санасын дамытуға кірісіп кету туралы айтып отырмын. Бұл жерде педагог баланың ішкі сезімін танып сезініп – ол арқылы оны тәрбиелеу жолдарын іздеуді айтып отырмыз.

Төртіншіден, тәрбиешінің бойында барлық адамдарға ұнайтын жақсы қасиеттер болу керек, қаталдық, байсалдылық, қарапайымдылық, шынайылық, интеллекттік, сезімталдық және өмірге құштарлық.

Осындай педагог болуға талпыну өте маңызды. Ол – бала мен өткен өмірдің және қазіргі заманғы ұрпақ арасындағы рухани құндылықты жеткізуші. Осы құндылықтар, білім, моральдық-этикалық норма балаларға таза күйінде жеткізілмейді, ол педагогтың жеке тұлғалық сипатында болады, оның бағасымен жеткізіледі.

3. Тәрбие беру жұмыстарының ерекшеліктері жайлы балабақша меңгерушісі П. Жүніс өз ойын айтты. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбие мен оқытудың негізгі міндеттері:

- Ұжымға тәрбиелеу, балалардың өзара ұжымда қарым-қатынасын қалыптастыру, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, әр түрлі ұлт өкілдеріне қадір тұту және сыйлау;
- Баланың өмірін сақтау және денсаулығын нығайту, толыққанды дене бітімін дамыту, Қазақстан Республикасы халықтарының ұлттық дәстүрі негізінде салауатты өмір салты құндылығын қалыптастыру;
- Толық кеңістікті құру және мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуын кешенді сүйемелдеудің қамтамасыз ету;
- Баланың сөйлеуін және ана тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту, сауат ашу негіздерін меңгеруге даярлау;
- Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік құндылық бағдарын адамның оң мінез-құлқы, нормасы, тәртіптік ережесі, қазақстандық қоғамда қалыптасқан халықтық салт-дәстүр үлгісінде қалыптастыру; әрбие мазмұнының мәселесі тәрбие бағдарламаларымен тығыз байланысты. Нақты бір білім беру мекемесіндегі тәрбие мазмұны мекеменің өз бетінше жасап, қабылдап іске асыратын білім беру бағдарламаларымен анықталады. Тәрбие бағдарламалары тәрбиенің негізгі мақсаттары мен міндеттер шеңберін анықтап, тәрбие мазмұнының сипаттамаларын, ерекшеліктерін, негізгі бағыттарын ашып көрсетеді....

4. Балабақша психологы Ш Дзамбылова «Педагогикалық жағдаяттар» тренинг ұйымдастырды. Ол педагогтарға бірнеше жағдаяттық сқрактар дайындап алып келіп, педагогтармен қызықты ойындар жүргізді. Жағдаяттық сқрактарға әрбір педагог мамандар қызығушылықпен жауап беріп, көңілдері көтерілді.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Балабақша әдіскері Н. Тожиеваның «Заманауи мектепке дейінгі мекеменің педагогы» баяндамасы әлеуметтік желілерге жариялансын.

2. Тәрбиеші Б. Жусипбекованың «Педагогтың жеке қасиеті» баяндамасы баспа сөз беттеріне жариялауға ұсынылсын..

3. Балабақшада тәрбие беру жұмыстарының ерекшеліктері жалғасын тапсын.

4. Балабақша психологы Ш. Джамбылованың «Педагогикалық жағдаяттар» тренингі жақсы ұйымдастырылған, осындай тренингтердің көбірек ұйымдастыруы психологқа міндеттелсін.

«Бүлдіршін» б/б меңгерушісі:
Хатшы



П. Жүніс
Н. Абу

№4 педагогикалық кеңес.

МКҚК «Бүлдіршін» бөбекжай балабақшасында 2022-2023 оқу жылындағы №4 педагогикалық кеңестің хаттамасы.

Өткізілу мерзімі: 15.03.2023ж

Қатысқандар саны:15

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балаларды ұлттық мәдениетпен таныстыру» Іскерлік ойын

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. «Мектеп жасына дейінгі балаларды ұлттық мәдениетпен таныстыру арқылы әлемнің біртұтас бейнесін қалыптастыру» баяндама.
2. «Бабаңнан саған не қалды» жобасы бойынша атқарылған жұмыстарға есеп беру.
3. Бала тәрбиесіне байланысты қазақтың салт- дәстүрлерін көрсету.
4. №4 педагогикалық кеңестің шешімінің жобасын талқылау және бекіту.

Тыңдалды:

1.Бірінші бүгінгі педагогикалық кеңесте қаралатын мәселелермен балабақша меңгерушісі П. Жүніс таныстырып өтіп, балабақша тәрбиешісі Қамбарова Гулнараның «Мектеп жасына дейінгі балаларды ұлттық мәдениетпен таныстыру арқылы әлемнің біртұтас бейнесін қалыптастыру» баяндамасы тыңдалды. «Бала тәрбиесі-баршаға» демекші ұстаздар, тәрбиешілер баланы дұрыс тәрбиелеуге, санасының қалыптасуына үлес қосамыз. Бүгін ақылды ұрпақ тәрбиелеп,ертеңге сенімді ұрпақ табыс ету де біздің еншімізде десе де болады. Ұрпақ тәрбиесіндегі басты ұстаным-тәрбиелеудің ұлттық жолдарын саралап, айқындап бала бойына сіңіре білу. Яғни, бала бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, адамгершілікке тәрбиелеу. Өйткені, ұлттық тәрбиенің мақсаты болашақта ұлттық сана сезімі жоғары, өз елінің салт-дәстүрін,тарихын,мәдениетін жақсы білетін, сүйетін, ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды ұштастыра білетін ұлтжанды тұлға тәрбиелеу. Ұлттық санасын ояту, өз ұлтының ана тілін, дінін, мәдени мұраларын меңгерту. Бала бойына жанашырлық, сенімділік, шыдамдылық, намысшылдық тәрізді ұлттық мінезді қалыптастыру. Ұлттық тәрбиеміздің негізгі көздері – әдет-ғұрып, салт дәстүр мен ұлттық әдебиетіміз.Сонымен бірге отбасы тәрбиесінің ұлттық ерекшеліктері,жеті ата туралы түсінік, туыстық қарым-қатынас атаулары, ата-ана мен перзент алдындағы парыз бен қарыз, ұлттық намыс. Міне, осыларды бала санасына сіңіріп,бойына дарыта білуұрпақ тәрбиесіндегі ең басты қағидамыз. Халқымыз қандай да бір білім мен өнегені балаға қолма-қол көрсету, көрсете отырып үйретуді басшылық еткен. Мысалы, еңбек дағдысын игерту үшін ең әуелі өзі істеп көрсетіп, ең соңында балаға өз бетінше істеткен.Үлкенді сыйлау, құрметтеу, қонақ күту оны аттандыру сияқты әдеп тәрбиелерін ұқтырып, үйретіп отырған. Қазақ үйретіп, көрсетіп,ұқтырумен ғана шектелмеген. Қандай да бір әдеп, әдет дағдыларының шынайы мәнін түсіндіріп, ойға тоқытып отырған. Тәрбиелеудің ұлттық үрдісінде баланың қандай да бір ұнасымды қылығын мадақтап отырған. Өйткені, бала қашанда үлкендердің өзіне ыстық ықылас, ізгі ниет көрсеткенін күтеді. Сол үшін де баланы ынталандыру үшін мадақтау арқылы психикасына ықпал етудің үлгісін қалыптастырған. Ынталандыруды баланың жас ерекшелігіне сай ұтымды пайдалана білген. Осылайша, қазақ ұрпақ тәрбиелеудің талай тамаша жолдарын тағайындап, оны жүзеге асырудың амал-тәсілдерін айқындаған.

2. Екінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешілері «Бабаңнан саған не қалды» жобасы бойынша атқарылған жұмыстарға есеп берді. Мақсатымыз балаларға атадан қалған құнды мұраларды қастерлеуге, салт-дәстiрiмiз бен әдет-ғұрыпты үйренуге, ырым-тыйымдардың мән мағынасын түсiне бiлуге баулу. Халқымыздың тәлiм-тәрбиесi ананың ақ сүтiмен, әке өнегесiмен, ата ақылымен берiлетiндiгiн түсiндiру.

Бабаларымыздың асыл қасиеттерiн меңгеруге, қонақжайлыққа, инабаттылыққа, туған елiнiң жетiстiктерiн мақтан ете бiлуге тәрбиелеу. Осы мақсатты ескере отырып топ тәрбиешiлерi: Джамбылова Шолпан балабақша тәрбиеленушiсi Зетхан Қасымның ата -анасымен бiрге аудандық «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тоң пішер» атты байқауға қатысып жүлделi II орынды иелендi.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында «Тәрбие және бiлiм» кiшi бағдарламасының базалық бағыттары бойынша балабақшада «Қыз еркем, кестесiмен көркем» атты байқау ұйымдастырылды. Ұлттық құндылықтарымызды дәрiптей келе балабақша тәрбиешiсi Сайдаханова Гулназ: Балабақша мен ата -аналар арасындағы байланысты нығайту, ұлттық құндылықтар мен мәдениеттi, салт- дәстүрлердi мемлекеттiк тiл арқылы насихаттау мақсатында ұйымдастырылған байқауда «Мемлекеттiк тiлдi оқыту бойынша ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру» тақырыбындағы шебер сыныбы үздiк деп танылып, облыс кезеңiне жiберiлдi. Сонымен бiрге «Бiздiң балабақша» тақырыбындағы мақаласы республикалық «Дана бала» журналына ұсынылды.

3. Үшiншi мәселе бойынша балабақша тәрбиешiлерi бала тәрбиесiне байланысты қазақтың салт- дәстүрлерiн көрсету насихаттау барысында өздерiнiң ой пiкiрлерiн ортаға салды. Қай заманда, қай қоғамда болсын алдында тұрған ең басты мiндеттердiң бiрi – болашақ ұрпағын тәрбиелеу. Жан – жақты жетiлген, ақыл парасаты мен мәдениетi мол, саналы ұрпақ тәрбиелеуде әр халықтың салт – дәстүрiнен дамуындағы бағалы байлықтың нәрiн бiртiндеп сiңiру арқылы ғана жүзеге асыруға болады. Бүгiнгi таңда балабақшада тәрбиеленiп жатқан жас ұрпақты елжандылыққа тәрбиелейтiн тағылымды тәлiм-ұлттық рухта тәрбиелеу мен оқыту. Халқымыздың ұлттық мұрасын оқу – тәрбие iсiмен сабақтастыру басты парызымыз. Балаларды қазақ халқының жетi ата шежiресi мен дастархан дәстүрлерi арқылы тәрбиелеудiң тұлғалық шарты – тәрбиенiң бала тұлғасына (қолдау, қорғау, сенiм көрсету, құрметтеу) бағыттылығы мен жас ерекшелiктерiн ескерiп, оның дамуы мен әлеуметтiк қалыптасуына жағдай жасауымыз қажет. Сондай-ақ, салт – дәстүр халықтың бiлгiлi бiр әдет – ғұрыптары мен байланысты туады. Салтқа қысқаша түсiнiк бере өтсек, ол халықтың кәсiп, сенiм, тiршiлiгiне байланысты қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын дәстүрдiң бiр түрi. Ал ұлттық дәстүр – ол тарих барысында қалыптасып ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отыратын әдет-ғұрыптар, салт-сана, қоғамдық тәртiп, заң, мiнез-құлық қалыптары деп өз ойларын айтты.

4. №4 педагогикалық кеңестiң шешiмiнiң жобасын талқылау және бекiту бойынша балабақша меңгерушiсi П. Жүнiс қорытынды талдау жасап, қаулы қабылданды.

Жиналыс қаулы етедi:

1. Г. Қамбарованың «Мектеп жасына дейiнгi балаларды ұлттық мәдениетпен таныстыру арқылы әлемнiң бiртқтас бейнесiн қалыптастыру» тақырыбындағы баяндамасы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. «Бабаңнан саған не қалды» жобасы бойынша атқарылған жұмыстарға есепбi әлеуметтiк желiлерге жариялау педагогтарға жүктелсiн.
3. Бала тәрбиесiне байланысты қазақтың салт- дәстүрлерiн дәрiптеу жұмыстары жалғасын тапсын, жұмыстар жоғары деңгейде ұйымдастыру топ тәрбиешiлерiне мiндеттелсiн.

«Бүлдiршiн» б/б меңгерушiсi:
Хатшы:



П. Жүнiс
Н. Абу

№5 педагогикалық кеңес.

МКҚК «Бүлдіршін» бөбекжай балабақшасында 2022-2023 оқу жылындағы №5 педагогикалық кеңестің хаттамасы.

Өткізілу мерзімі: 25.05.2023ж

Қатысқандар саны:15

Мақсаты: Балабақшаның тәрбиешілері мен мамандарының 2022-2023 оқу жылында атқарған жұмыстарына талдау.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Мектепке дейінгі мекемеде кадрлар потенциалын дамыту жұмыстары.
2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт» талаптарына сәйкес педагогикалық-психологиялық жұмыстарды ұйымдастыру жағдайы.
3. Балалардың сапалы білім алуына жасалған жағдайлар. Тәрбие мен білім беру жұмыстарының мониторингі.
4. Жазғы сауықтыру -шынықтыру жұмыстарының жоспарын талқылау және бекіту.

Тыңдалды:

1. Бүгінгі педагогикалық кеңесте қаралатын мәселемен балабақша меңгерушісі П Жүніс таныстырып өтті. Мектепке дейінгі мекемеде кадрлар потенциалын дамыту жұмыстары бойынша балабақша әдіскері Н. Тожиева есебі тыңдалды. Білім бойынша педагогтар құрамы барлығы 15-педагог.

Жоғары білімді -14 педагог. (Оның ішінде мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу – 1) Біліктілік санаты бойынша педагогтардың сапалық құрамы:

2022 -2023 оқу жылында педагогтар саны – 15 ,

Кәсіби шеберлікті жетілдіру бала бақшаның әрбір педагогі үшін қажеттілік болуы тиіс.

Әркімнің жұмысы үшін жауапкершілігі әркімнің өз жұмысы үшін ұжым алдындағы жауапкершілігімен ұштастырылуы тиіс. Ең алдымен, әдіскер тәрбиешілердің біліктілігін өз бетінше арттыруға бақылау жасалды. Ол қажетті әдебиеттерді зерделеуді бақылап, сөйлеуді дамыту әдістемесінің жекелеген мәселелері бойынша тәрбиешілерге кеңес бердім. Біліктілікті арттыру курстары педагогке өзінің кәсіби деңгейін арттыруға, озық педагогикалық тәжірибемен танысуға мүмкіндік беретінін, педагогтың мектепке дейінгі балаларды дамыту проблемаларына қазіргі заманғы тәсілдерді түсінуін қамтамасыз ететінін, қазіргі кезеңдегі мектепке дейінгі білім беру жүйесі туралы білім мен түсініктерді жүйелейтіндігін атап өтіп 2022-2023 оқу жылында 2 тәрбиеші: «Балаларды ерте дамыту институты» ұйымдастырған курста балабақша педагогы Абдурахманова Шолпан, Ералиева Пернеш өз білімдерін жетілдірсе, Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрлігі «Ұлттық-ғылыми практикалық дене тәрбиесі орталығы» РМҚК ұйымдастырған курста тәрбиеші Асылбекова Феруза курсынан өтсе, 4 тәрбиеші «Өрлеу» біліктілік арттыру курсынан өтіп өз білімдерін жетілдіріп қайтты.

2. Келесі мәселе бойынша балабақша психологы Ш Джамбылова «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт» талаптарына сәйкес педагогикалық-психологиялық жұмыстарды ұйымдастыру жағдайы туралы айтты. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту

мен әлеуетін ашу. Әдістемелік нұсқау хатта 2022-2023 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтиды: - әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру; - балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру; - тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру; - Отанды, ана тілін сүйеге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу; - баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады: - ойын арқылы оқыту; - түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту. Әдістемелік нұсқау хат қосымшасы перспективалық жоспар, циклограмма үлгісін, баланың жеке даму картасының үлгісін қамтиды. Осы міндеттерді ескере отырып балабақша педагогтары биылғы стандарт талаптарын толықтай орындады деп өз ойын айтты.

3. Келесі мәселе бойынша балабақша әдіскері Н. Тожиева балалардың сапалы білім алуына жасалған жағдайлар. Тәрбие мен білім беру жұмыстарының мониторингі бойынша жыл есебінің қорытындысына есеп берді. Оқу жылы барысында балабақшада өткізілген барлық іс-шараларына (ойын-сауық, ертеңгілік, мерекелер, байқауларды ұйымдастыру, музыкалық залды тақырыптарға сәйкес безендіру, ертеңгіліктердің ерекше сценариін ойлап жазу т.б.) тікелей қатысқан педагогтардың кәсіби шеберлігінің тиісті деңгейде екенін көрсетті. Аудандық білім бөлімінің келген байқаулар қорытындысы бойынша «Әжем айтқан ертегі» байқауы бойынша балабақша тәрбиешісі Абу Нұрсұлу мен тәрбиеленуші Аман Нұриман III- орын иеленсе, «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тоң пішер» байқау қорытындысы бойынша аудандық мектепке дейінгі мекемелер арасында ұйымдастырылған байқауда балабақша тәрбиешісі Сейдаханова Гулназ бен тәрбиеленуші Зетхан Қасым жүлделі II- орынды иеленді. Аудандық «Балалық шақтан - болашаққа» атты байқауда тәрбиеленуші Қалибек Береке Мағжанқызы II-орынды иеленді.

2022-2023 оқу жылындағы балалардың біліктері мен дағдылары бойынша қорытынды мониторинг нәтижесі; жоғары деңгей-72%, орташа деңгей-19%, төмен деңгей-9% пайыз үлесті құрады.

4. Келесі мәселе бойынша балабақша меңгерушісі П. Жүніс жазғы сауықтыру -шынықтыру жұмыстарының жоспарын талқылады. Мақсаты: Балабақшадағы балаларды салауатты өмір салтына үйрету баланың денсаулықты сақтау, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік күзіреттілігін арттыру.

- Тапсырма:

- Балалардың денсаулығын нығайту
- Баланы салауатты өмір салтына үйрету
- Баланың қызығушылығын арттыру
- Қоршаған орта мәдениетімен таныстыру

- Жазғы демалысты ұйымдастыру шаралармен тәрбиешілерді таныстыру

- Ата-аналармен бірге баланың жазғы демалуына жағдай жасап, жұмысты жүргізу.

Балабақшадағы тәрбиеленуші балалармен жазғы сауықтыру жұмыстарының сәтті өтуі көбінесе оқу-тәрбие процесінің барлық қатысушыларының оған қаншалықты сауатты және уақтылы дайындалғандығымен анықталатындығын айтып пед кеңесті қорытындылап қаулы қабылдады.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Мектепке дейінгі мекемеде кадрлар потенциалын дамыту жұмыстары кеңінен жүргізілсін.
2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт» талаптарына сәйкес педагогикалық-психологиялық жұмыстарды ұйымдастыру жағдайы жалғасын тапсын. Педагогтарға жүктелсін.
3. Балалардың сапалы білім алуына жасалған жағдайлар. Тәрбие мен білім беру жұмыстарының мониторингін бақылау балабақша әдіскері Н. Тожиева жүктелсін.
4. Балабақшаның жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспары бекітілсін, жұмыстар сол бағытта ұйымдастырылсын, қадағалау балабақша әдіскері Н. Тожиева мен медбике Н. Егізбаеваға жүктелсін.

**«Бүлдіршін» б/б меңгерушісі:
Хатшы:**



**П. Жүніс
Н. Абу**